

**"Петропавл қаласы жер салығының базалық төлемдерін түзету туралы"**  
**Петропавл қалалық мәслихатының 2010 жылғы 29 қаңтардағы № 3 шешіміне**  
**өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 2016 жылғы 22 шілдедегі N 2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 31 тамызда N 3884 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 5 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 29.11.2018 № 5 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 387-бабына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес Петропавл қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Петропавл қаласы жер салығының базалық төлемдерін түзету туралы" Петропавл қалалық мәслихатының 2010 жылғы 29 қаңтардағы № 3 шешіміне ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 12 ақпанда № 13-1-171 болып тіркелген, 2010 жылғы 19 ақпанда "Қызылжар Нұры" газетінде, 2010 жылғы 19 ақпанда "Проспект СК" газетінде жарияланды) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"1. Петропавл қаласы жер салығының базалық төлемдерін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 379, 381, 383-баптарымен белгіленген 50 пайызға көтерілсін".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Петропавл қалалық  
мәслихат сессиясының  
төрағасы*

*Петропавл қалалық  
мәслихат хатшысы*

*О. Завьялов*

*А. Бердағұлов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК